Бұл қызметті күнделікті тіршілік әрекеті мен психологиялық және тағы да басқа стресс сияқты нәрселерден құтқарып, шығармашылық ой заңдылығы бойынша және ғылымның өзіне тән дамуының кең өріс алуына мүмкіндік беруі керек.

Жалпы, білім беруде енгізілген жаңалық тек педагогикалық қана емес, ол қоғамдық та мәселе болып табылады, білім беру қызметі қоғам үшін ерекше ықыла білдіріп, балалар үшін бұл саладағы жаңалыққа қоғамның мүдделі екенін де айтуымыз керек .

Білім берудегі жаңалық пен қоғамдағы жаңалық бір ғана мақсатты көздейді, олар даму мен прогрестің қабілетін арттыруы қажет.

«Білім берудегі жаңарту туралы айту барлық мағынасы қандай да бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жағдайға ғана байланысты. Қоғамдық қажеттіліктің деңгейі мен сипаты ғана жаңалықты енгізу бойынша істелген жұмыстың бағыты мен жемістігін анықтайды.

Сондықтан оларды негіздеуге тар шеңберде қолданылатын міндеттермен шектеліп қоймай, әлеуметтік-педагогикалық дамудың нақты бағыттары мен негізгі мақсаттарын ескеру қажет.

Бұл ұсақ ұстанымсыз өз-зімен, сондай-ақ, қоғамдық міндеттер мен құндылықтармен де еш байланыссыз тәртіпсіз шашырап жатқан инновациядан аулақ болу үшін маңызды» дейді А.Найн.

Оқушылармен жұмыс істеудің жаңа үлгілері мен тәсілдерін енгізу және қабылдау біздің мектептердің үздіксіз мұқтаждықтарынан туындайды.

Сондықтан біз білім беруді демократияландыру мен ізгілендіруді үздіксіз жүріп, дамып отыратын қоғамдық үрдіс ретінде түсінеміз және ол инновацияға қысқа мерзімді, өткінші ғана құбылыс деп қарамайды.

Білім беру жүйесінде инновацияны енгізу, қабылдау мен жетілдірудегі тоқтаусыз үрдіс ретінде, күнделікті білім беру қызметінің бөлігі ретінде қарауды талап етеді.

Білім беру жүйесі құрылымының өзі қоғам үшін, өмір сүріп отырған деңгейінде сақтап қалу үшін оның тамыры табиғатта, біздің қоғамның негізінде жатқанын түсіну керек. Дәл сол себептен қоғам құрылымындағы әрбір маңызды өзгеріс өзімен бірге білім беру жүйесін де жаңалыққа тартады.

Осындай жағдайда білім беру жүйесі қоғамдық қызметтің басқа салаларымен бірлесе отырып қана аяғынан тұрып кетеді. Педагогикалық инновациялар білім берудің ішкі жүйесіндегі адамдар қызметінің нақты нәтижесі болып табылады. А.Колодин мен С.Смирновтың пікірлерінше, педагогикалық инновация мемлекеттік білім ұйымдары жасап, жүзеге асырған жаңалық емес, білім беру және ғылым жүйесінің ұйымдары мен қызметкерлері жасаған жаңалықтар.

Сонымен қатар білім беру саласында болып жатқан өзгерістердің барлығын авторлар педагогикалық инновацияға жатқыза алмайды. Бұл категорияға олар білім берудің қоғамдық жағдайлары өзгерісін, оның мәртебесінің жоғарылауы мен қаржыландырудың өсуі сияқты мысалдарды жатқызады.

Бұл бәрінен бұрын қандай да бір әлеуметтік үрдістің нәтижесі, қоғамның саяси бағытындағы өзгеріс немесе қайта құру, яғни саяси қайта құрулар нәтижесі.

Білім беру мекемелерін жабдықтау да таза педагогикалық инновация болып табылмайды, - бұл бұл инновацияның компьютерлік техника саласына енуі, оқу құралдарының өндірілуі.

Білім беру жүйесінің құрылымындағы өзгерістерді де педагогикалық инновация деп атауға болмайды. Бұл тұрғысында білім беруді басқару саласындағы инновация.

Басқару инновациясына мектеп ұйымының ішкі қызметіндегі кейбір жаңадан енгізілген нәрселерді жатқызуға болады.

Кең ауқымды инновациялық қозғалыс – қайта құру үшін қажетті құбылыс. Оның өмірде болуы қайта құруды жасаудың негізгі әлеуметтік

шарты ретінде көрінеді. Бұндай қозғалыс құруды жүзеге асырудың маңызды шарты ғана емес, оған дайындық құралы болып табылады.

«Білім туралы» Заңның негізгі принциптері төмендегідей: тәлім-тәрбиенің гуманитар және демократиялық характерге ие болуы;

- білімнің үздіксіздігі мен бірізділігі;

- жалпы орта білім, орта арнаулы кәсіптік-өнер білімінің мәжбүрлігі;

- орта арнаулы кәсіптік-өнер білімінің бағыттары: академиялық-лицей және кәсіптік-өнер коллеждерінде оқуды таңдау мәжбүр және қалауы бойынша;

- мемлекеттік білім стандарты шеңберінде білім алу барша үшін ашықтығы;

- білімді болу және дарындылықты марапатау;

- білім жүйесінде мемлекет және қоғам басқаруын үйлестіру.

“Кадрлар даярлаудың ұлттық бағдарламасы” үздіксіз білім жүйесін реформалаудың ұйымдастырушылық, ғылыми және әдістемелік негізі болып табылады. Ұлттық бағдарламаның негізгі мақсаты – үздіксіз білім жүйесін дамыту болып, ол шығармашыл және еркін пікірлейтін, дүниетанымы қалыптасқан, еркін тұлғаны қалыптастырумен бірге барлық салаларда бәсекелес кадрларды даярлаудан тұрады.

Білімдені процесінің ажрыламас бір бөлігі диагностика болып табылады. Диагностика көмегінде белгіленген мақсат және міндеттердің табысты орындалуы анықталады. Ол болмаған жерде дидактикалық процесті тиімді басқару мүмкін емес. Диагностика – бұл дидактикалық процестің нәтижесін анықтау болып табылады.

Сонымен, диагностика оқушылардың білім және іскерліктерін тексеруге қарағанда кең және терең мағынаға ие екені көрініп тұр. Тексеру тек нәтижелерді белгілейді, бірақ олардың келіп шығу себептерін түсіндірмейді. Ал диагностикалау нәтижелерді оларға жету жолдарымен, тәсілдерімен және методтарымен байланыстырып анықтайды. Диагностикалау бақылау, тексеру, бағалау, статистикалық мағлұматтарды топтау, оларды талдау, динамика, тенденцияларды анықтау, оқиғалардың әрі қарай дамуын болжауды өз ішіне алады.

Диагностикалаудың бір маңызды бөлігі – қадағалау. Қадағалау – білім, ептілік және дағдылардың игерілу процесіне бақылау алып баруды аңғартады. Қадағалаулар тексерулермен тығыз байланысты. Тексеру – бұл білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін іс-әрекет-қимылдар жүйесі. Мұғалім өз шәкірттерінің берілген білімді қай дәрежеде игергенін, жаңа білімдерді қабылдауға қаншалықты дайын екендігін анықтайды. Сонымен бірге оқушылардың өзіндік оқу жұмыстарының сипаты мен сапасын бақылап барады. Қадағалау нәтижесінде мұғалім өз оқу жұмыстарының қай дәрежеде жемісті болғанын сараптай алады. Сонымен қатар, тұрақты қадағалау нәтижесінде оқушының тәртібі жақсарайды, белгілі жұмыс қарқынына үйренеді.

Педагогикалық тәжірибеге назар салсақ, қадағалаудың бірнеше түрін атауға болады: алдын-ала қадағалау, ағымдық қадағалау, мерзімдік

қадағалау, тақырыптық қадағалау, қорытынды және өтілген материалды қайталау.

Төменде біз қадағалаудың түрлеріне жеке-жеке тоқталып өтеміз.

Алдын-ала қадағалау – бұл диагностикалық міндеттері негізінде жүргізіледі. Мақсат – оқушылардың оқуды бастауға дейінгі игерген білім, ептілік және дағдылардың қай дәрежеде екені анықталады. Бұл жұмыс оқу жылы басында немесе тақырыпты өту алдынан өткізіледі. Алдын-ала қадағалау нәтижесінің негізінде мұғалім оқу процесін тиімді түрлері мен формаларын таңдауға қол жеткізеді.

Ағымдағы (күнделікті) қадағалау – оқу барысындағы білім, ептілік және дағдылардың қалыптасу дәрежесін, сонымен қатар игерілген материалдың қаншалықты терең және берік болғанын анықтау үшін қолданылады. Бұл қадағалау түрінің тиімділігі – оқушылар білім алуындағы кемшіліктер дер кезінде байқалып, оқу бағдарламасын меңгеруге мүмкіндік жаратады.

Мерзімді қадағалау – белгілі уақыт аралығындағы жұмыстардың қорытындысын алу үшін өткізіледі. Ол тоқсан аяқталғанда немесе жыл жартысында жүргізіледі.

Тақырыптық қадағалау – бірер тақырып немесе бөлім материалдары толық өтіліп болғаннан соң өткізіледі.

Қорытынды бақылау – оқу процесінің соңғы нәтижелерін жинақтау үшін қолданылады. Ол пән бойынша бүкіл білім, ептілік және дағдылар жүйесін қамтиды.

Өтілген материалды тақырып ізімен қадағалау – тақырып, курс немесе бөлім өтіліп, бірқанша уақыт өткен соң қалдық білімді анықтау үшін қолданылады. Мерзім үш айдан, жарты жылға немесе оданда көпке созылуы мүмкін.

Оқыту процесінің маңызды компоненттерінің бірі - **бақылау мен есепке алу**. Оқытушы оқыту барысында бақылау мен есепке алуды дұрыс ұйымдастырса, онда оқыту процесінің тиімділігі артады. Бұл үшін ол оқушының оқу материалдарын меңгеруін анықтап баруы керек.

Қадағалау әдістеріне ауызша, жазбаша, тәжірибелік, өзіндік және аралас қадағалау әдістері кіреді.

Мемлекетіміз егемендікке қол жеткізу арқылы барлық салада реформа жұмыстары алып барылғандығы баршаға аян. Мұндай өзгерістер білім беру саласындағы оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдысын бақылау, тексеру және бағалауға да енгізілді.

Өзбекстан Республикасының «Кадрларды даярлаудың ұлттық программасы» мен Уәзірлер Мекемесінің 1998 жылы 13-майда қабылдаған 203-санды «Өзбекстан Республикасында жалпы орта білім беруді ұйымдастыру туралы» қаулысын орындау мақсатында оқушылардың білім дәрежесін рейтинг методімен бағалау системасы енгізілді. Мұның жалғасы ретінде 1999 жылы «Жалпы орта білім беретін мектептерде оқушылардың білім дәрежесін қадағалаудың жүйесі туралы Устав» және «Жалпы орта білім беретін мектептердің I-IX сынып оқушыларының білім тексеру және бағалаудың

рейтинг әдісі туралы Устав» істеп шығылды. 2001 жылы «Жалпы орта білім беретін мектептерде оқушылардың білім дәрежесі рейтингі туралы жоспар» қабылданды. Рейтинг жүйесін қолдау барысындағы тәжірибелер Өзбекстан Республикасы халықты білімдендіру министрлігінің 2005 жылы 25 майдағы 130-санды бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім беру мектептері оқушыларының білім дәрежесін анықтаудың көп баллдық жүйесі туралы» жоспарында одан ары толықтырылды.

Рейтинг(ағылшын тілінде «rating» сөзінен алынған болып, бағалау, жетістік өлшемі) дегеніміз – бағалау, тәртіпке келтіру, классификациялау, белгілі бір оқиғаны алдын-ала белгіленген шкала бойынша бағалау.

Шкалалау – нақты жағдайды цифрлар (сан) арқылы моделдестіру.

Рейтинг методымен бағалау барлық жалпы білім беретін оқу орындары (мектептері) үшін міндетті болып саналады.

Оқушылардың білімін рейтинг жүйесі негізінде тексеру және бағалау оқу процесінің ажралмас бір бөлігімен бір қатарда педагогикалық технологияның бір түрі есептеледі.

Жалпы орта білім беретін оқу орындарына (мектептерге) рейтинг методын енгізуден **мақсат** — тексерудің әртүрлі түрлерінен және формаларынан пайдалану жолымен жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарт талаптарын орындауды қамтамасыз ету, білім беруді жетілдіру, оқушыларда системалы түрде өз бетінше істеу дағдыларын қалыптастыру және олардың интеллектуал қасиетін дамыту.

Рейтинг негізінде тексеру және бағалау жүйесіне қойылатын педагогикалық талаптар төмендегілер:

- оқушылардың білімін тексеру және бағалаудың әділетті болуы, оқушылардың білім алуы, өзіндік пікірлеуі;

- оқушылардың жас және дербес ерекшеліктері мен дамытушылық дәрежесін есепке алынады;

- оқушылардың оқу пәндері бойынша мемлекеттік білім стандартын игеруге тиімді әсері;

- білімді тексеру және бағалауда білімдендірудің бүгінгі және болашақтағы даму дәрежесі есепке алынады.

Мемлекеттік білімдендіру стандарты негізінде түзілген оқу жоспарына енгізілген әрбір өтілетін пән бойынша оқушылардың білім, ептілік және дағдылардың сапасын рейтинг тексеру және бағалауда **күнделікті бақылау, аралық бақылау, қорытынды бақылау** түрлері қолданылады.

Күнделікті бақылау — бұл оқытушының үнемі сабақ үстінде оқушылар білімін тексеруі және үйге берілген тапсырмаларды тексеруі, және оқушылардың іскерлігін арттыру мақсатында қолданылады. Күнделікті бақылаудың әрдайым қолданылатын формалары төмендегілер:

1. Оқу материалын меңгеру бойынша ауызша тексеру.

2. Қысқа көлемдегі жазба тапсырмалар яки аз мөлшердегі (15-тен артық болмаған) тест.

Күнделікті тексеру оқытушыны әрбір оқушының оқу қызметі туралы жылдам ақпараттармен қамтамасыз етеді, оқыту процесін басқаруда жақсы

нәтиже береді, үлгермейтін оқушыларды өз уақытында сезеді және оқу материалдарын меңгеру бойынша шаралар белгілейді. Ширектер барысында тексерудің тұрақты шкаласы негізінде әрбір тәсілі бағаланады. Ширек соңында барлық КТ бағаларының орташасы есептелініп шығарылады.

Аралық бақылау оқу пәндерінің белгілі бір бөлімдерін (яки бірнеше тақырыптарды) оқушылардың меңгергенін тексеруді мақсат өтеді. Аралық бақылауды оқытушы сабақ кестесіне негізделіп бір сабақ барысында ауызша, жазбаша яки тест, реферат қорғау формасында оқу материалының өзіне тән қасиеті бойынша өткізеді.

Аралық тексеру өткізуден алдын оқушылар ескертіледі. Әрбір аралық тексеру бөлек-бөлек тұрақты шкала негізінде бағаланады.

Қорытынды бақылау пән бойынша оқудың толық курсы аяқталғаннан соң ширектік, жылдық және мемлекеттік аттестация сынақтары түрінде амалға асырылады. Қорытынды бақылау ауызша, жазбаша, тестілеу формасында өткізіледі¹.

Тақырыпты бекіту сұрақтары:

1. “Білім туралы” Заңның негізі принциптері нелерден тұрады?
2. Кадрлар даярлау ұлттық бағдарламасын амалға асыруда әдебиет сабақтарының орны?
3. Әдебиет сабақтарының өзіндік ерекшелігі?
4. Оқушыларды кітапқа баулу қалай амалға асырылады?

Әдебиеттер тізімі:

1. Баркамол авлод-Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. Президент Ислон Каримовнинг IX сессиясида сўзлаган нутқи. 1997-йил 29-август. Тошкент. Шарқ. 1997. 5-бет.

2. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2008. – 180 б.

3. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Тарбияда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2009. – 160 б.

4. Исабаев А. Қазақ тілін оқыту методикасы. Т.: 2003

5. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту методикасы. А.: 2009.

6. Замонавий дарс. / Масъул муҳаррир Ш. Шомансуров -Т.: А. Авлоний номидаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш марказий институти, 2007. -120 бет.

7. Сыздыкова Р. және басқ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. -А. 2002.

¹ А.С. Қалдыбекова «Педагогика теориясы». Т.: 2007.

3-тақырып. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында пробелмалы оқыту түрінен пайдалану жолдары

Жоспар:

1. Проблемалы оқыту туралы түсінік
2. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында проблемалы оқытуды пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері

Тірек ұғымдар: проблема, пробелмалы сұрақ, проблемалы тапсырма, пробелмалы жағдай, кейс-стади.

Бүгінгі таңда өмірде болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғамның шығармашылық әрекет пен шығармашыл азаматқа мұқтаж екендігі дәлелденуде. Осыған орай жалпы білім беретін мектептерге үлкен талап қойылуда. Бүгінгі күннің негізгі – оқу процесі оқушыларда тек репродуктив пікірлеу болып қоймастан, сонымен шығармашылық пікірлеуге де үйрету. Президент И.А. Каримов “Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори” еңбегінде былай дейді: «Демократиялық қоғам құруда балалар, жалпы әрбір адам еркін пікірлей алатын дәрежеде тәрбиеленеді. Егер балалар еркін пікірлеуді үйренбесе берілген білім сапасының төмен болғандығы. Әлбетте, білім керек. Бірақ білім өз жолына. Еркін пікірлеу де үлкен байлық»².

Сондықтан бұл амалды асыру үшін бүгінгі күнде оқытушы-педагогтарға үлкен жауапкершілік арттыруда. Оқытушы-педагог балаға білім процесінде оларға тек білім беріп қана қоймай сол берілген білімдер арқылы оларды еркін пікірлеуге үйрету.

Оқушыларды еркін пікірлеуге үйретуде – проблемалы оқытудың алатын орны ерекше екеніні ескерген жөн.

Ең алдымен проблемалы оқыту дегенімізде біз проблеманың өзі не сол сұраққа жауап табуымыз қажет болады.

Психологтардың айтуы бойынша пікірлеу «әр дайым проблема немесе сұрақтарды түсінбеу және қажеттіліктен басаталады» - дейді.

Проблема – ғылыми білуді дамыту қажеттілігін өркендетудің субъектив формасы. Проблема қоғам даму процесінде білу және білместік ортасында объектив ретінде пайда болатын қажеттілік. Ғылыми проблема жеке тұлғадан білімдердің белгілі саладағы белгісіз нәрселерді анықтауды талап етеді. Практикалық проблемаларды шешу үшін практикада күш жұмсауы, алғашқы білімдер, дағдылар және біліктіліктер жаңадан ұйымдастырылуы қажет. Оқу процесінде проблемада объектив жаңалық болмайды.

Проблемалы жағдай – оқушының белегілі психикалық жағдайы. Бұндай жағдай белгілі тапсырманы орындау (мәселені шешу, сұраққа жауап табу) процесінде қажеттілікті игеру оқушыларды предмет туралы, жұмысты

² И. А. Каримов “Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори”. – Т.: “Шарқ”, 1999. 9-б.

орындаудың тәсіл және шарттары туралы жаңа білімдерді іздеу қажеттілігін оятады.

Проблемді оқыту деген не?

Оқу материалын ғылыми ізденуге ұқсас білу міндеттері және проблемаларды пайда ету және шешімін табуды үйрету.

Үйреніліп жатқан материал оқушылар үшін маңызды мәнге ие. Оқушылардың пікірлеу жағдайында проблемалы сұрақтардың туындауы оларды оқуға деген қызығуын оята отырып, оларды сергектікке, еркіндікке және шығармашылыққа ұмтылу сияқты қасиеттерге тәрбиелейді.

Осылардың негізінде тәлімге проблемалы жандасу түсінігі пайда болды. Бұл проблеманың маңызы оқушыға белгілі дағды және біліктіліктермен түсіну және түсіндіру үшін ілгері білімдер жеткіліксіз оқиғалар ортасындағы дидактикалық қажеттіліктерден туады. Мұндай қажеттілік білімді шығармашылықпен игеруге түрткі болады.

Біз оқу процесіндегі проблеманы оқушылардың оқу проблемаларын аңғару және шешу барысындағы әрекеттерді ұйымдастыруды түсінеміз. Оқу процесіндегі маңызды қасиеті проблемалы жағдайды жарату болып табылады. Проблемді жағдай өмірлік факторлармен және оқиғалар негізінде пайда болады, себебі бұл жағдай табиғи қалыпқа қаншалықты жақын болса, оқушыларды белсендіру және проблеманы шешуге сонша мүмкіндік жаратылады.

Бүгінгі күні еліміздің білім беру саласында ірі өзгерістер дүниеге келіп, білім берудің дүниежүзілік жаңа сатысына көтерілу кезеңінде түрлі-түрлі реформалар жасалуда.

Оқыту формасы бұрынғы білім беруді ғана негіз еткен дәстүрлі оқыту форма-сынан жекс тұлғаны қалыптастыру формасындағы сапалы оқыту жүйесіне өзгерді. Оқыту барысы зерттеп үйрену іс-әрекетін басты форма ете отырып.

Іс-әрекет барысында өзін-өзі басқару мен өзара әсерлесіп үйренуді іске асыру ерекшелігіне ие болды. Мұғалім оқыту мақсатына жету үшін оқулықты жете түсіну негізінде оқыту іс-әрекетін мұқият жоспарлауға көшті және оқушыларды зерттеп үйренуге ұйымдастырудың алуан түрлі әдістерін қолдануда.

Бірақ, барлық мұғалімде ортақ оқыту технологиясы болмағандықтан оқытуда біркелкілік сақталмай отырғаны жасырын емес ұл оқушылардың білім алу сапасына ықпал етпей қоймайтыны сөзсіз.

Сондықтан қазіргі сыныптық оқытуға үйлесетін, оқушыларды зерттеп үйренуге ұйымдастыруға икенді. Нысаналы оқыту технологиясын пайдалану қажет деп санаймын әрі мұғалімдердің пайдаланып көруін ұсынамын.

Нысаналы оқыту технологиясы бүгінгі күнде дүние жүзі бойынша тәлім-тәрбие саласында орасан зор ықпал көрсетіп отырған технологиялардың бірі.

Қазірде бұны АҚШ, Жапон, Қытай сынды көптеген дамыған елдер өздерінің білім беру саласында кеніне қолданады. Нысаналы оқыту технологиясы АҚШ педагогы және психологы Блумның "Тәлім-тәрбие

нысанасын түрге бөлу" теориясы мен "игеріп оқу" теориясы; негізінде қортындыланып жасалған.

Анығырақ айтқанда Нысаналы оқыту дегеніміз оқыту мазмұның нысаналандыру, жүйелендіру, ғылымиландыру және оны игерудің әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру, сол арқылы оқыту сапасын жан-жақты көтеру мақсатына жету деген сөз.

Нысаналы оқытуды теориялық жақтан түсіну үшін Блумның "Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу" теориясы мен "Игеріп оқу" теориясына қысқаша тоқтала кеткен жөн.

I. "Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу" теориясы Адам өмірінде істелуге тиісті әрқандай бір жұмыс ол үлкен болмасын, кіші болмасын қандай да бір нысынаға жетуді көздейтіні ақиқат. Дәл сол секілді оқыту Жұмысы да белгілі оқыту нысанасына жетуді мақсат ететіні шындық, екінші сөзбен айтқанда, оқыту жұмысы өзі тәрбиелеп отырған оқушының болашақта қан-дай жетістікке жетуін, қандай адам болу керектігін алдың-ала анықтап алуы қажет. Осы тұрғыдан келіп оқыту нысанасын Блум: таным саласындағы нысана, сана-сезім саласындағы нысана және әрекет шеберлігі (қабілет) саласындағы нысана деп үш салаға бөледі.

Таным саласындағы нысана дегеніміз оқушының үйренген білімін есте сақтау және қайталай тану барысындағы ақыл-парасат пен қабілеттің қалыптасу нысанасын, яғни, білім алу мен қабілетті дамыту жағындағы нысананы көрсетеді.

Сана-сезім саласындағы нысана қызығушылық, мінез, құндылық көзқарас, сондайақ бейімділік қабіті жағындағы нысананы, яғни ақыл-парасатқа жатпайтын факторлар жағындағы нысананы көрсетеді іс-әрекет шеберлігі саласындағы нысана дегеніміз - меңгеру және әрекет шеберлігі жағындағы нысананы көрсетеді.

Блумның еңбегі оның оқыту нысанасын белгілі өлшем бойынша тәртіпті түрде жүйелеп айқындық пен жүйелілік қалыптастыруынан көрінеді, Ол бұны АҚШ-тың тәлім-тәрбие ісіне мұқият зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізді әрі бұл еңбегі Блумның әлемдегі атағын да асқтата түсті.

Бұрын жұрт бір адамның үйрену жағдайын тексергенде оның тек алған біліміне ғана назар аударатын, ал Блумның таным саласындағы нысанасы бес жақты үсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) қамтиды, яғни, оқушылардың әр түрлі қабілеттерін жетілдіру нысанасын алға қояды. Бұл, бұрынғы көзқарасқа өте ылғары көзқарас екені айқын.

Сондықтан қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінің білім беру саласы осы көзқарасты ұстанып, оқушылардың қабілетін жан-жақты тәрбиеледі дәріптеп келеді. Білім теориясы оқушыны бағалаудың ортақ мойындалған өлшемін де ортаға қояды.

Бұл шем мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу қызметі мен бағалау қызметін де алға бастырады.

Сөйтіп, бағалаудың айқын нысанасы орнатылды. Блумның таным саласындағы оқыту нысанасы бүгінгі күні көптеген елде оқытуды бағалау мен оқулық жасаудың негізгі іргетасына айналды.

II "Игеріп оқу" теориясы "Игеріп оқу" теориясы дегеніміз сыныптық оқыту кезінде үздіксіз кері байланысқа шығу және дер кезінде түзету жасау, оқушыларға қажетті үйрену уақытын беру және көмектер көрсетіп отыру, сол арқылы көп санды оқушылардың оқулық нысанасы белгіле-ген өлшемге жету тұрасындағы теория.

Бұл өз ішіне екі мазмұнды қамтиды:

(1) оқыту мен оқуда үміткерлік сезімін туғызу.

(2) оқытуды өнімді түрде дербестендіріп, көп санды оқушылардың жақсы үйренуіне көмектесу.

"Игеріп оқу" теориясы өте өнімді оқыту тәсілі саналады, оның ең өзекті мәселесі - көп санды оқушылардың айтарлықтай үйрету нәтижесіне жете алмауы олардың ақыл-парасат жағындағы кеніст-ігінен емес, қайта, өз ерекшеліктеріне сай келетін үйрену уақыты мен оқыту көмегінің жетіспеуінен болады, егер мектеп оларды лайықты үйрету шартжағдайымен қамтамасыз ете болғаны, басым көпсанды оқушылар оқытқан нәрселерді игере алады, оқытудың міндеті - тек қана оқушыларға оқыған пәнін игеруге қажетті материалдармен қамтамасыз ету деп қарайды.

"Игеріп оқу" теориясының іс жүзіндік маңызын мынадай бірнеше жақтардан көруге болады:

1. Мұғалімнің оқушы үйретуіндегі көмекші күшін сезінуіне мүмкіндік береді. Әрбір оқушыны жақсы оқи алатындығына сендіреді, мұғалімде оқыту үміті, оқушыда оқу сенімі болады.

2. "Игеріп оқудың" сәтті болу-болмауы оның "кері байланыс пен толықтыру" барыстарының сәтті орындалу-орындалмауына байланысты. Блум: дәстүрлі сыныптық оқытудағы ең басты қайшылық - біртұтас оқыту мен жеке қажеттілік арасындағы қайшылық, бұл қайшылық кей оқушылардың үйрену қызығушылығын жояды, ал дербес оқытудағы "дер кезінде кері байланыс орнату, толықтыру, үйренуді дұрыс жолға салуды" сыныптағы оқытуға шеберлікпен қолданса, қызықты оқыту ортасы қалыптасып, біліміне қарай оқыту, барлық оқушыны негізге алу сынды көзқарасты іске асырып, оқыту сапасын жан-жақты көтеруге жол ашады деп санайды..

3. "Игеріп оқу" - "Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу" теориясы анықтаған оқыту нысанасына сан жүргізіледі. Бұл мұғалімнің оқытудағы сұрақ қою, түсіндіру, жаттығу орындату, тексеру жүргізу барысындағы білім мен біліктік қатынасын толық меңгеруге, қателіктерден сақтануға немесе түзетуге, оқушылардың ұқсамаған сатыдағы үйрену өресіне жетуіне пайдасын тигізеді.

4. Оқытуды бағалауды тек оқушыларға балдық жүйе бойынша баға беру ғана емес, қайта олардың үйрену белеенділігін жоғарылату құралына айналдырады.

Бұндай тексеру қалыптаса келе оқушыларға қысым түсіру емес, қайта, табысқа жетудің шаттығын сыйлайды.

5. "Игеріп оқу" теориясы оқушылардың үйрену барысындағы жүрексіну психикасын жоюға назар аударады, әсіресе оқуда нашар

оқушылардың талпыныспен жеткен табыстарының дәмін татуға көмектесуге ерекше мән береді.

Нысаналы оқыту барысы

1. Байқап көру және толықтау барысы-"Байқап көру" дегеніміз оқушылардың жаңа білімді үйренуге қажетті даярлық білімін тексеріп көру деген сөз. "Толықтау дегеніміз "байқап көру негізінде анықталған кеншіліктерді түрлі формалармен (оқулықты оқыту, өзара пікір алмасу, түсінік беру) толықтыру барысын көрсетеді.

Оқыту мазмұны жалғастылыққа ие болатыны белгілі. Жаңа білімді үйрену оқып кеткен білім негізінде, оқушының тырысып үйренуі арқылы орындалады, басқашада айтқанда, белгілі бір жаңа білімді игеру үшін, сөзеіз даярлық шарты болуға тиісті.

Блумның көзқарасы бойынша оқушының игерген білімі оның жаңа үйренуіне 50% тік ықпал жасайды. Міне бұл оқушының үйрену нысанасына жету-жетпеуі оның алған біліміне байланысты екенін көрсетеді.

Нысананы көрсетіп түсінік қалыптастыру-Нысаналы оқытудың ең басты ерекшелігі оқыту нысанасын белгілеп, оны оқыту мазмұнының темірқазығына айналдыру.

Жаңа сабақтың нысанасы оқушыға айқын болғаннан кейін бүкіл бір сағаттық оқу қимылы сол темірқазықтың төңірегінде өрбиді.

Оқыту нысанасы мұғалім мен оқушының оқыту және оқу қимылының әрі шығар жері, әрі тиянақтар жері болады.

Мұғалім мен оқушыда ортақ нысанаға жету сезімі болғандықтан, сыныптағы оқыту үйлесімді де саналы түрде реттеліп, оқыту мен оқу өзара сәйкестік табады.

Оқыту нысанасы жаңа сабақты бастаған кезде немесе оқыту барысында жеке-жеке көрсетілуі қажет.

Нысананы қосымша тақтаға алдың-ала жазып әкеліп көрсетуге де, сабақ үстінде жазып көрсетуге де немесе бейне магнитофон, кодоскоп арқылы көрсетуге де болады. Нысананы көрсету уақыты әдетте 1-2 минуттан аспауы керек.

Нысанаға жету- Жаңа сабақ өткізу - сынып оқытуының ең өзекті мәселесі. Ол алдың-ала жоспарланады да, нысанаға мұғалім мен оқушы болып ортақ қимыл арқылы қол жеткізеді. Бұған әдетте 19-20 минуттай уақыт кетеді.

Нысаналы оқытуда нысана белгілеу, бағыттау және бағалау сынды барыстар бүкіл оқыту қимылының негізі болады. Сондықтан мұғалім оқыту барысында саналы түрде оқушыларды нысанаға қарай жетектеп, нысана төңірегінде үйрену ұйымдастырып арқылы, нысанаға жету үшін белеенді түрде ортақ қимылдауы қажет. Бұл нысаналы оқытудың дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы болып табылады.

Нысаналы оқытудың тағы бір ерекшелігі - кері байланыс пен толықтырудың бүкіл оқыту барысында бастан аяқ қайталанып отыруы. Кері байланыс пен толықтыру сәтті жүргізілесе, оқыту барысында жасалған әрбір

кадамның нәтижелілігін тексеріп, мұғалім мен оқушының уақытын үнемдеп оқытудың өнімділігін арттырады.

Сондықтан кері байланыс пен толықтыру оқыту барысын меңгеру мен үздіктендірудің маңызды құралы саналады.

Оқыту нысанасының нақты мазмұнына жету мәселесіне келетін болсақ, оған жаңа сабақ өту барысында әр түрлі оқыту формасынан пайдаланып жетуге болады. Мысалы, "түсіну" мазмұнында оқушыларға оқуға тиісті мазмұнды көрсету, оқыту, түсіндіру арқылы "түсіну" нысанасына жетуге болады; "есте сақтау" мазмұнында оқушыларға лайықты уақыт бөліп оқытып, онан соң сұрақ қойып жауап алу арқылы "есте сақтау" нысанасына жетуге болады; "игеру" мазмұнында оқушы түсінігін қиындық туғызатын мазмұнды мұғалім бір жағынан түсіндіріп, бір жағынан талқылап, жинақтап, қорытындылау формаларымен нысанаға жетуге болады; "колдану, талдау және жинақтау" нысанасына оқушыларға нақты сұрақтар қою, жаттығулар меи есептер беру арқылы жетуге болады.

4. Оқушы өзінің алған білімін мұғалім көрсеткен нысанаға салыстыру арқылы жүйелеп есте сақтайды.

Мұғалім бұл барыста оқушының ұғымды түсінуіне, қателескен жерін түзуіне көмекте-седі және оқулықтың қай бөлігін тиянақтап оқу керектігін, қосымша қандай материал қарау керектігін көрсетеді. Әдетте бұған минуттай уақыт беріледі.

5. Нысанаға жеткен-жетпегенін тексеру-Оқушылардың нысанаға жеткен-жетпегенін тексеру үшін мұғалім әр түрлі сұрақтар қойып, жауап алу немесе сынақ жүргізуі, егер оқлықтар байқалса, толықтау жасауы қажет. Әдетте бұған 5 минуттай уақыт кетеді.

6. Тапсырма беру- Берілетін тапсырма оқушылардың осы сабақтан алғаш білімін бекітумен бірге, келесі сабаққа тікелей көмегі тиетін, даярлық негізіндегі тапсырмалар болу керек. бұған әдетте 1-2 минуттай уақыт ажыратылады.

Жоғарыда көрсетілген бес басқаша жалпылама барыс болып, ол мүлде өзгермейтін қағида емес, оқытудың іс жүзіндегі ыңғайына қарай оны толықтап тағы да басқыштар қосуға немесе кей басқыштарды алып тастап, өзінің оқыту жоспарына тіке байланысты басқыштарды ғана пайдалануына әбден болады.

Жалпы алғанда "Нысаналы оқыту технологиясы" қазіргі заманғы оқыту талабы ортаға қойған зерттеп үйрену, селбесіп үйрену және өзін-өзі басқарып үйрену талабына өте жақсы үйлеседі. Бұл оқыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты ерекшелігі де, басты айырмашылығы да осында.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Проблемалы оқыту дегеніміз не?
2. Қазақ тілі сабақтарында проблемалы оқытудың ерекшеліні неде?
3. Әдебиет сабақтарында проблемалы оқыту түрінен пайдаланып мысал келтірің?

Әдебиеттер тізімі:

1. Баркамол авлод-Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. Президент Ислон Каримовнинг IX сессиясида сўзлаган нутқи. 1997-йил 29-август. Тошкент. Шарқ. 1997. 5-бет.
2. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2008. – 180 б.
3. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Тарбияда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2009. – 160 б.
4. Исабаев А. Қазақ тілін оқыту методикасы. Т.: 2003
5. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту методикасы. А.: 2009.
6. Замонавий дарс. / Масъул муҳаррир Ш. Шомансуров -Т.: А. Авлоний номидаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш марказий институти, 2007. -120 бет.
7. Сыздыкова Р. және басқ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. -А. 2002.

4-тақырып. Жоғары оқу орындарда қазақ тілі мен әдебиеті оқытушылары және жоғары білікті ғылыми-педагог кадрлардың қазақ тілінен құзыреттілік дәрежесі, оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру және жобалау

Жоспар:

1. Жоғары оқу орында қазақ тілін оқытуда төменгі басқыш оқу орнымен үздіксіздігін қамтамасыз ету.

2. Қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері

3. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті оқытушыларны қойылатын талаптар

Тірек ұғымдар: классификатор, үлгілі бағдарлама, жұмыстық оқу бағдарламасы, мамандық бағыттар, компоненттік дәрежесі

Білім алу, шеберлікке, іс-әрекет дағдыларына үйрету мен меңгеру барысы және адамды өмір мен еңбекке бейімді етіп даярлаудың негізгі құралы – оқыту. Оқыту барысының нәтижесінде білім беру мен тәрбие мақсаттары жүзеге асырылады.

Түрлі оқу орнындағы оқыту- білім берудің басты жолы, сол сияқты оқу отбасында, өндірісте, жұмыста т.б. күнделікті адамның тіршілік және қызмет барысындағы жағдайларда іске асып отырады.

Оқытудың мазмұны мен сипаты қоғамның материалдық және мәдени даму дәрежесіне сай белгіленді.

Оқудың мақсаты мен мазмұны, оны ұйымдастырудың түрлері мен әдістері адамзат қоғамының даму кезеңдеріндегі қоғамдық қатынастар негізінде, жалпы білімге, адамдардың даярлығы негізінде қойылатын талаптардың сипатына және оқыту жөніндегі педагогикалық идеяларға сай өзгері отырады

«Дәстүрлі оқыту» ұғымы XVII-ғасырда Я.А.Коменский «ұлы дидактика» еңбегінің негізінде қалыптасты, күні бүгінге дейін әлем мектептерінде қолданылатын сынып-сабақтың оқытуды ұйымдастыру деп түсіндіріледі.

Дәстүрлі сыныптық-сабақтық технологияның ерекшелікері мыналар:

- оқушылардың жас ерекшеліктері бір деңгейде болады және дайындық көлеміне қарай сыныпты құрайды. Бұл құрам негізінен мектептегі кезеңде еш өзгеріссіз сақталады;

- сынып бірінғай жылдық жоспармен және бағдарламаға сай сабақ кестесімен жұмыс істейді. Осыған сәйкес балалар мектепке бір мезгілде және алдын ала белгіленген уақытта келулері тиіс;

- оқудың негізгі бірлігі-сабақ;

- сабақ бір пәнге, бір тақырыпқа арналған. Бір сыныптың оқушылары бір материалмен жұмыс жасайды;

- сабақта оқушылармен жұмысты мұғалім жүргізеді. Ол жеке пәндер бойынша әр оқушының білімін жеке-жеке бағалап, жыл соңында сыныптан сыныпқа көшіру мәселесін шешеді;

- оқулық негізінен үй тапсырмасын орындау үшін қажет;
- оқу жылы, оқу күні, сабақ кестесі, оқу демалыстары, үзілістер, сабақтар арасындағы үзілістер – бұлардың бәрі сыныптық сабақтық жүйенің атрибуттары.

Оқытудың мақсаты – қозғалушы категория, бұған дейінгі педагогика оқытудың мақсаттары былайша құрылған еді:

- білім жүйесін құру, ғылым негізін үйрену;
 - ғылыми көзқарастар негізін қалыптастыру;
 - әрбір оқушының жан-жақты, үйлесімді дамуы;
 - адамзаттың жарқын болашағына, сенімді күрескерлерді тәрбиелеу;
- ой еңбегіне, сондай-ақ дене еңбегіне қабілетті, жоғары білімді ақыл-ойлы адамдарды тәрбиелеу;

Сонымен қыту технологиясының мақсаты-бұл берілген қасиеттері бар тұлғаны тәрбиелеу.

Оқыту технологиясы тұлғаның дамуына емес, білімді, шеберлікті, дағдыны меңгеруге бағытталған.

Қазіргі жалпы мектептерде мақсаттар біршама өзгертілді-идеологизация жойылды, жан-жақты үйлесімді дамудың үндеулері алынып тасталынды, өнегелі тәрбие үлгісі өзгертілді, бірақ негізгі мақсаттардың міндеті алдын ала жоспарланған сапалы білім алу стандарттары сол күйінде қалды.

Дәстүрлі технологиямен оқытатын мектептер «білім мектебі» болып саналады. Қазіргі ғылыми техникалық прогрестің жағдайында жаңа әлеуметтік талаптарға, оқушылардың жеке басының даму мүмкіндіктеріне сай оқудың мазмұны мен әдістерін жетілдіріп, оқу құралдарының жаңа түрлерін жасау қажеттілігі туды.

Оқытудың мазмұнында ғылымның соңғы табыстарына сай теориялық материал көлемінің артуы, оқытудың дамып келе жатқан саласына оқушылардың танымдық дарыны мен қабілеттілігін жетілдіруге баса назар аударылуы. Қазіргі педагогикалық технологияны объективті қажеттілік тұрғысынан зерттеп тануды талап етеді.

«Оқыту технологиясы» деген түсінік бүгінгі күні дәстүрлі педагогика көпшілік мақұлдаған түсінікке жатпайды.

Юнесконың құжаттарында оқыту технологиясы оқытудың құрылу, қолдану және анықтау барысының жүйелі әдісі мен адамның қорлары, оның өзара қатысы болып табылады. Ол білім беру түрлерін оңтайландыруды өзінің алғышарты деп есептейді.

Бір жағынан, оқыту технологиясы – ол ақпараттың өңдеудің, ұсынудың, өзгертудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы, ал екінші жағынан, оқыту үрдісінде оқытушының қажетті техникалық, ақпараттық тәсілдерді қолдана отырып, оқушыға әсер ету құралдары жайлы ғылым. Оқыту технологиясында оқу мағынасы, әдістері тәсілдері өзара тығыз байланыста болады.

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі қойылған оқу тапсырыстары мен бағдарламасына сәйкес оқыту тәсілдерінің әдістерінің ең оңтайлы, қажет мағынасын тыңдай білуде. Оқыту технологиясы жүйелі ұғым. Оның құрылымына мыналар кіреді:

- оқыту мақсаты;
- оқыту мағынасы;
- педагогикалық өзара қатынас құралдары;
- оқу үрдісін ұйымдастыру;
- оқушы, мұғалім ;
- іс-қимыл нәтижесі.

Педагогикалық технологияның мәні жайлы соңғы онжылдықта белгілі болып келген көптеген анықтамалар бар.

Технологияны – қандай да болсын істе, өнерде қолданылатын тәсілдердің жиынтығы (орыс тілінің түсіндірме сөздігі).

Технология – бұл өнер, шеберлік, ептілік, өңдеу тәсілдерінің жиынтығы, қалыпты өзгерту (В.М.Шепель)

-Оқыту технологиясы-дидактикалық жүйесінің құрамдас бөлігі (М.Чашанов)

-Педагогикалық технология - әлеуметтендіру мен оқытудың түрлерін, әдістерін, құралдарын, тәсілдерін үйлестіретін, тәрбиелеу амалдарын анықтайтын психо-педагогикалық құрылымдардың жиынтығы: ол педагогикалық барыстың құралы болып табылады (Б.Т.Лихачев)

- Педагогикалық технология - оқу процесін іске асырудың мағыналы технологиясы (В.П.Беспалко).

-Педагогикалық технология – оқытудың жоспарлы нәтижесі процесін суреттеу (И.П.Волков).

-Педагогикалық технология – оқушы мен мұғалімнің толық жабдықталған шарттарын қамтамасыз ететін оқу процесін жобалау, ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ бірлескен педагогикалық іс-қимылдарының жан-жақты ойластырылған моделі (В.М.Моңғасов).

- Педагогикалық технология- білім беру түрлерін оңтайландыруды өзінің тапсырмасы ретінде қарастыратын техникалық және адамның қорларды есепке ала отырып, өзара бірлескен білімді меңгеру мен оқытудың барлық процесін анықтау, қолдану, құру тәсілдерінің жүйесі (ЮНЕСКО).

-Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық жеке тұлғалық, құралдық, әдістемелік тәсілдерінің жүйелі жиынтығы мен ретінде жұмыс істеу (М.В.Кларин).

- Педагогикалық технология- алдыңғы авторлардың барлық анықтамаларының мағынасын бойына сіңірген мағыналы қортындысы (Г.К.Селевко).

«Педагогикалық технология» түсінігі үш түрлі құбылыс ретінде ұсынылады:

- ғылыми;
- іс-жүргізу, суреттеу;
- ықпалды іс жүргізу.

Сонымен, педагогикалы технология оқытудың ұтымды жолдарын зерттейтін ғылым ретінде жұмыс істейді және оқуда қолданылатын тәсілдер жүйесі ретінде, оқытудың шынайы барысы ретінде де қарастырылады.

Педагогикалық технологияның негізі болып педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік ғылыми жетістіктері, алдыңғы қатарлы педагогикалы тәжірибеде, халықтық педагогика, отндық және шетелдік педагогиканың өткенінің барлық жақсы жинақталғаны болып табылады.

Педагогикалық жүйенің табысты жүзеге асуы үшін оны құрайтын барлық нәрселердің тыңғылықты ойластырылуы қажет.

Кез келген педагогикалық технология педагогикалық ғылыммен мен іс-тәжірибе жетістіктерінің жиынтығынан, бұрынғы тәжірибенің дәстүрлі түрлерін қосатын және қоғамның дамуы, демократизациялау нәтижесінде пайда болған нәрселерден тұрады.

Бірдей технология түрлі орындаушының қолында әр кезде басқа болып көрінеді.

Бұл жерде мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне жеке тұлғалық қасиеттеріне, оқушылардың ерекшеліктеріне, олардың жалпы көңіл-күйіне, сыныптағы психологиялық ақуалға көңіл бөлу керек. Бір технологияны қолданған әр түрлі педагогтардың жеткен нәтижесі де әртүрлі болады, бірақ осы технология көрсететін орташа көрсеткішке жақын болады.

Яғни, педагогикалық технология жеке тұлғаның қасиеттерімен орташаланады, бірақ онымен анықталмайды.

«Педагогикалық технология» деген түсінік «оқыту әдісінен» кеңірек.

Технология- оқыту мақсатына осы жүйенің меңгерілуне қалай жету керек деген сұраққа жауап береді. Технология – алдын ала жоспарланған жүйені жүйелі іске асыруға бағытталған іс-әрекеттердің барысы және оның нәтижесіндегі көрсеткіші.

Педагогикалық технологияны жоспарлау педагогикалық технологияның нақты шарттарын таңдау болып табылады.

Ол тұлғаның жеке ерекшеліктерін зерттеуді және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін іс-қимылды, сондай-ақ олардың дайындығының шарттарын таңдауды талап етеді.

Мемлекетіміз мектептерінде сабақ жүйесі оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі ретінде тиімді қолданылып келуде. Ол ұлттық педагогикамыз, ұлттық тәрбиеміз мақсатына сәйкес келеді. Сабақтың мақсаты – тұлғаны оның қабілеті мен дарындылығына сүйене отырып дамыту. Әрбір сабақ педагогикалық, психологиялық және ұйымдастыру бірлігі болуы қажет.

Педагогикалық бірлік – бұл сабақ бөліктерінің, яғни құрылым элементтерінің арасындағы өзара байланыс заңдылығы. Мысалы, қайталау сабағының бөліктері: қорытынды әңгіме, шолу лекциясы, жаппай сұрау, мұғалімнің сабақты қорытындылауы. Мұндай сабақтарда біріншіден, игерліген білім еске түсіріледі және бір жүйеге келтіріледі; екіншіден білім, іскерлік және дағдыдағы кемістіктер толықтырылады; үшіншіден; өтілетін материалдың маңызы толық ашып беріледі; төртіншіден жаңа материал, ескі материалмен салыстырылады.

Психологиялық бірлік – оқушылардың танымдық іс-әрекетіндегі белсенділігі. Танымдық іс-әрекеті түйсік, қабылдау, зейін, ес, елес сияқты психикалық процеспен байланысты. Сабақтың психологиялық бірлігі оқушылардың дербес ерекшеліктерін (темперамент, қабілет, ынта, мінез т.б.) есепке ала отырып, оларды оқу-білімге болған құштарлығын оятудан тұрады.

Ұйымдастыру бірлігі – бұл сабақта алдын-ала дайындалған жабдықтарды рет-ретімен пайдалану және оқушылардың белсенділігін тиімді амалға асыру.

Сабақ түрлері және құрлымы

Педагогикада сабақты түрлерге ажрату өте қиын және күрделі мәселелердің бірі. Сондықтан бүгінгі күнге дейін сабақты түрлерге ажрату мәселесі әліде өз шешімін тапқаны жоқ сияқты. Бұл жөнінде көптеген авторлардың еңбектері жарық көрді. Дегенімен, сабақтың түрлері және құрлымы жайлы бірыңғай сабақ типологиясы жасалған жоқ. Бұған себеп неде деген сұрақ туындауы сөзсіз. Бұны дидактикалық тұрғыдан қарастырсақ: оқыту процесі өте күрделі дидактикалық процес болып, ол түрлі кезеңдерде түрліше өзгеріске ұшырауда, сонымен бірге бүгінгі таңда мектептерде білім саласының дамуы нәтижесінде оқыту мақсаты мен мазмұны өзгерді.

Бірақ сабақтың дидактикалық мақсаты, мазмұны және міндеттерінен келіп шығып мемлекетіміз мектептері және озат мұғалімдердің топтаған тәжірибелеріне сүйене отырып, сабақты төмендегіше түрлерге бөлсе болады: жаңа білімді игеру сабақтары, ептілік және дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру сабақтары, қайталау сабақтары, аралас сабақтары, білімді, ептілікті және дағдыны бақылау-тексеру сабақтары.

Сабақтың түрлері қандай болса, олардың құрылымы да дәл солай болады. Сабақ құрлымы – сабақ тұтастығын қамтамасыз ететін, олардың элементтерінің жиынтығы. Әрбір сабақтың құрылымы оның мақсатына, өтілетін материалдың мазмұнына, оқытудың әдіс-тәсілдеріне, оқушылардың дайындық деңгейіне, олардың жас және дербес ерекшеліктеріне байланысты болады. Сол себептен әрбір сабақтың құрлымы ұқсас болуы мүмкін емес. Сондықтан әрбір сабақты белгіленген тәртіп бойынша жоспарлауға болмайды.

Сабақ түрлерінің үлгісі:

Әдетте, көптеген мектептерде жиі қолданатын сабақ түрі – аралас сабақ. Ол төмендегі үлгі бойынша жоспарланады:

1. ұйымдастыру кезеңі;
2. үйге берілген тапсырманы сұрау;
3. жаңа материалды баяндау;
4. жаңа материалды бекіту;
5. үйге тапсырма беру.

Қайталау сабағының үлгісі:

1. Оқушыларды, оқу бөлмесін, оқу құралдарын сабақты бастауға дайындық.

2. Сабақтың мақсатын және міндеттерін түсіндіру.

3. Сұрақ-жауап арқылы сабақты қолданатын білімдерді еске түсіру.
4. Ауызша, жазбаша және практикалық бағдардағы жұмыстарды орындау.

5. Сабақты аяқтау және үйге тапсырма беру.

Интеграл сабағының үлгісі:

1. Кіріспе бөлімі.
2. Қайталау бөлімі.
3. Оқушыларды өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Сабақты аяқтау және үйге тапсырма беру.

Тақырыпты бекіту сұрақтары:

1. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы проблемалар?
2. Сабақты ұйымдастыру басқыштарын атап көрсет?
3. Дәстүрлі және дәстүрлі есе сабақтардың ерекшелігі неде?

Әдебиеттер тізімі:

1. Баркамол авлод-Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. Президент Ислом Каримовнинг IX сессиясида сўзлаган нутқи. 1997-йил 29-август. Тошкент. Шарқ. 1997. 5-бет.

2. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2008. – 180 б.

3. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Тарбияда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2009. – 160 б.

4. Исабаев А. Қазақ тілін оқыту методикасы. Т.: 2003

5. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту методикасы. А.: 2009.

6. Замонавий дарс. / Масъул муҳаррир Ш. Шомансуров -Т.: А. Авлоний номидаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш марказий институти, 2007. -120 бет.

7. Сыздыкова Р. және басқ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. -А. 2002.

5-тақырып. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманалық жандасулар.

Жоспар:

- 1.Тәлім-тәрбие саласындағы амалға асырылған реформалар.
- 2.“Кадрлар даярлаудың ұлттық бағдарламасы” және оны амалға асыруда әдебиеттің орны.
3. Оқушы және студенттердің білім, етпiлiк, дағды және компетенттігіне қойылатын талаптар.

Тірек ұғымдар: тәлім-тәрбие, руханият, методика, ғылым, өнер, әлеуметтік қажеттілік.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес.

Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Бастауыш сатыда "Оқу" пәні бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің анықтау тәсілдері ретінде деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады.

Оқушының дайындық деңгейін саралау оқушының жеке танымдық мүмкіндігін ескерудің басты тәсілі ретінде қарастырылуы тиіс. Тапсырмаларды білімді қабылдауға бағдарланған іс-әрекеттік модель ретінде қарастыруға болады.

Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырма түрлерін ауызша тексеру, жазбаша тексеру, тапсырма беру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмалар, ашық және еркін жауабы бар тапсырмалар, түрлі практикалық сипаттағы тапсырмалар түрінде қарастыруға болады.

Тапсырмалардың мұндай түрлері оқушының іс-әрекеттік - компетенттік тәсілге (өз бетінше іздену, өз бетінше білім алу, өзін-өзі білім алуға тәрбиелеу, дамыту) бейімделуіне мүмкіндік береді.

әртүрлі әдістерді қолдану және оқушылар бірін-бірі тексеру арқылы есептің дұрыстығына көз жеткізулеріне болады, дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Элькокин, В.В.Давыдов) дамыта оқыту жүйесі жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық сапалармен сәйкестікте жан-жақты дамытуға бағытталған, оқытудың модульдік технологиясы (В.М.Монахов) оқу үрдісін мақсатты жобалап, құруға болады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы компьютермен жұмыс істеу техникасын меңгеру, сыныпта белсенділік көрсету, жеке жұмыс істеу, жекелеп көмек көрсету, проблемалық оқыту технологиясы, тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов) теория және практиканы блок түрінде топтау, тірек-схема, тірек-конспект түрінде берілген теориялық, материалдарды сыныпта меңгеру, үйде өз бетімен іздену, жұмыс істеу,

түсіндіре басқарып - оза оқыту (С.Н.Лысенкова) алынатын білімнің алғашқы бөлігін алдын-ала оқыту, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы бірнеше деңгейде тапсырма беру және т.б.

Қазіргі ғаламдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісінде өзекті ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылуда.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру - жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Мектепте оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың өзара іс-әрекетпен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интеративтік әдісті тиімді пайдалануға болады.

Мұнда негізгі және жетекші үрдіс - іс-әрекеттегі оқытуды ұйымдастыру. Бұл технологияның ерекшелігі - оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп, жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық, түрде дәлелдейді.

Ол өз пікірін бір-біріне топта, сынып алдында айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс.

Білім мазмұнын меңгеруде оқушылардың жаңа процессуальдық біліктілігіне, ақпаратты алдын-ала болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөлінеді.

Әдебиет сабағында оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары (анализ, синтез, салыстыру, сұрыптау) және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады.

Қазіргі нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарды компонентті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі технологияларын пайдаланып, оны одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет.

Ұлттық тағам – ұлттың бет бейнесі, тарихы мен шежіресі, ұлттың дара қасиеттері сақталынуының асыл нәрі. Сондықтан оны дайындай білуге үйрету әр ата-ана мен ұстаздың міндеті.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Өйткені тәуелсіз Өзбектанның дамыған бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарында терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесі қойылып отыр.

Оқытудың әртүрлі технологиялары, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Жалпы технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақтылығы және білімі қажет.

Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы. орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз.

Тақырыпты бектіу үшін сұрақтар:

1. И.А.Каримовтың “Жоғары руханият – жеңілмес күш” кітабында көркем әдебиетке тиісті ой-пікірлері туралы не айталасыз?
2. Әдебиетті оқытудың мақсаты мен міндеттері?
3. Оқушыларды қалай көркем әдебиетке баулудың жолдары бар?
4. Көркем әдебиеттің қоғам өміріндегі орны туралы не айталасыз?

Әдебиеттер тізімі:

1. Баркамол авлод-Ўзбекистон тараққийетининг пойдевори. Президент Ислон Каримовнинг IX сессиясида сўзлаган нутқи. 1997-йил 29-август. Тошкент. Шарқ. 1997. 5-бет.

2. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2008. – 180 б.

3. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Тарбияда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2009. – 160 б.

4. Исабаев А. Қазақ тілін оқыту методикасы. Т.: 2003

5. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту методикасы. А.: 2009.

6. Замонавий дарс. / Масъул муҳаррир Ш. Шомансуров -Т.: А. Авлоний номидаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш марказий институти, 2007. -120 бет.

7. Сыздыкова Р. және басқ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. -А. 2002.

6-тақырып. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері

Жоспар:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті және оны оқытудың бүгінгі жағдайы.
2. Тіл және әдебиетке тиісті жаңа әдебиеттерді талқылау.

Тірек ұғымдар: компетенция, жеке тұлғаның интеллектуал және рухани кемелденуі, сабақ, форма.

Мұғалімге қойылатын талаптар – бұл педагогикалық қызмет табыстарының кепілі болатын кәсіби сапалар жүйесі.

«Терең де жан-жақты білімсіз мұғалім болуы мүмкін емес» – дейді К.Д.Ушинский. Бірақ тек білім әлі жеткіліксіз. Ол берік әрі мықты адамилық сапаларды меңгеру қажет. Бұл сапаларсыз нағыз мұғалім болып жетілу қиын» - дейді. Сондықтан мұғалімдерге жоғары талаптар қояды.

Ол талаптарға төмендегілер кіреді:

- педагогикалық процесс қиын және күрделі процесс. Мұғалім оқушы тұлғасын дамыту, тәрбиелеу үдерісін сапалы басқару үшін өз пәнін және әдістемесін терең меңгеруі, бүгінгі ғылым-пән жетістіктерінен хабардар болуы қажет. Бірақ бұның өзі жеткіліксіз.

- оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін, олардың білім және тәрбиеленгендік дәрежесін қатаң түрде есепке алған халде тәлім-тәрбиені белгілі бір мақсатқа бағыттай отырып ұжымда, топта немесе жеке түрде қолдай алуы керек;

- мұғалім адамгершілік, қайырымдылықта, болашаққа сенушілікте, достық қатынасқа ынтық болуда, принципшілдік, адалдық және әділдікте, еңбекте және тұрмыста үлгі-өнеге бола алуы қажет;

- педагогикалық техниканы шебер игеру, озат тәжірибелерді, жаңа педагогикалық технологияларды үйрену және қолдай алу, өз үстінде шығармашылықпен жұмыс істеу, талапшаң, жаңалыққа жаны құмар болуы тиіс;

- бір шет ел тілін толық меңгеруі және сабақ үдерісінде ақпарат коммуникация технологияларынан оңай және табысты қолдай алуы қажет;

- педагогикалық кәсіпті және оқушыларын сүйе білу, оқушыларының болашағына жан күйдіруі және оларға сеніммен қарау керек.

Қазіргі заман мұғалімінің тұлғалық белгісі – ой өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен теңдей қадам қоямын деген әрбір адам өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет.

Адам қаржылы еңбегімен табиғатты өзгертсе, мұғалім жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек қана біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тілін дамытуға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, ынтасын, сенімін, төзімділігін, іздемпаздығын т.б. танымдық

қасиеттерін үнемі жетілдіріп, адамгершілігі мол етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды.

Мұғалімнің парызы – оқыту емес, оқуға бағдар беру; тәрбиелеу емес, тәрбие үдерісіне жетекшілік ету. Осы басты міндеттерін толық түсіне алған мұғалім ғана шеберлікке қол жеткізе алады.

Сонау замана тұңғығында-ақ кәсіби педагогтарды Сократ «ой акушерлері» деп атаған, педагогикалық шеберлікті «дүниеге нәресе келтіру» өнерімен теңеген. Яғни білгір педагогтың қызметі – дайын білімді қолдау емес, оқушыға жаңа ой пайымдауға көмектесуден тұрады.

Сөз ұстаздық талант жайлы болар екен, ең алдымен талант дегеніміз не? деген сұраққа жауап тапқан жөн. Талант – қабілеттің ең жоғары көрсеткіші. «Талант» деген сөзді әркім әр түрлі түснуді мүмкін. Талант көбіне, ақын-жазушыларда, әртістерде, өрен иелерінде кездеседі. Ал, «мұғалім болу – талант па, ол әркімнің қолынан келе бермей ме?» - деген сұрақ туылады. Мұғалімнің барлығы талант болып туылмайды. Егер кез-келген мұғалім ынта-ықлас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін терең меңгерген болса, оқытудың әдістемесін толық игерген болса, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер мұғалім бола алады.

Бастауыш мектеп мұғалімінің жұмысын сараптауда ең алдымен тілге тиек етілетін бірігімді сапалар жиынтығы – мұғалім шеберлігі. Мұғалім шеберлігі – үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтың қолы жетуі мүмкін. Педагог - өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің салаларынан хабардар, жалпы, әсересе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиелеудің әдістемесін жетік игерген маман.

Сұрақ: Педагогикалық шеберлік негізі неде?

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кеше ғана егемендікке қол жеткізген елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы – ұстаз тұрады. Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр бір оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, отбасы, мұғалімнің рөлін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру – педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу-тәрбие үдерісінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықта жұмыс атқарудың формалары мен әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті сезіне алуы қажет.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – педагогикалық қабілеттерді игеру.

Педагогикалық қабілеттер – бұл оқушылармен жұмыс істеуге, балаларға деген мейір, олармен қатынаста болудан ләззат ала білу бейімділігін танытушы тұлғалық сапалар. Бүгінгі күнде педагогика-психологияда қабілеттер төмендегідей топтарға ажратылған.

1.Ұйымдастырушылық. Мұғалімінің оқушыларды оқу-танымдық істерге тарту, белгіленген міндеттерді бөлістіру, оқушыларды бір мақсат жолына біріктіре алу, жұмысты жоспарлау, тапсырма беру, орындалағандарға қорытынды шығару.

2.Дидактикалық. Оқу материалдарын, көрнекі құралдарды, техникалық оқу жабдықтарын жинақтау және дайындау; оқу материалы мазмұнын түсінікті, анық, мәнерлі, сенімді және бірізді баяндау; оқушылардың өздерінің танымдық қызығулары мен рухани қажеттерін дамытуға ынталандыру, олардың оқу белсенділігін арттырып бару.

3.Қарым-қатынастық. Өз әріптестерімен, оқушыларымен, олардың ата-аналарымен, оқу орны басшыларымен қарым-қатынасқа кірісе алу;

4.Конструктивтік. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, салыстыру, болжам жасау, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін ескере отырып оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

5.Ықпал таныту. Көңіл-күй, ерік әсерлері арқылы оқушы немесе оқушылар ұжымын басқару.

6.Зерттеушілік. Педагогикалық жағдайлар мен үдерістерге ғылыми тұрғыдан қарап, ғылыми болжам жасау, бағалау, озат тәжірибелерді үйрену, эксперимент жасау.

Педагогикалық шеберлікте педагогикалық техника деп аталатын мәселеге мән беріледі. Педагогикалық техника мұғалімге оқу үдерісінде де, одан тыс уақытта да қажет болған жалпы педагогикалық іскерліктер жиынтығы. Қош, мұғалімнің педагогикалық техникасы қандай іскерліктерді өз ішіне алады? Олардың педагогикалық ықпал етудегі рөлі қандай?

Мұғалім өз қызметінде тағам мен киімде қарапайым, қызметте – сергек әрі еңбеккер, мінезде – кішіпейіл және әдепті, сөз саптауда – мәнерлі де ұстамдылық көрсете білуі шарт. Еріншектік, енжарлық, әрекетсіздік – мұғалім кәсібімен тіпті келіспейтін жат қасиеттер. Мұндай қасиеттер оқушыларыңызда болмасын деп тілесейіз олардан алдымен өзіңіз құтылып алыңыз.

Өзбектанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипатты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен тауып отыр.

Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп отыр.

Ал, жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады.

I кезең-оқып үйрену

II кезең- меңгеру

III кезең-өмірге ендіру

IV кезең-дамыту

Жаңа технология мен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет: оқу үрдісін интенсификтiрудi жаппай қолға алу; оқушылардың сабақтастылығын болдырмау шараларын кешендi қарастыру. Оның ғылыми - әдістемелiк, оқыту-әдістемелiк ұйымдастырушылық себептерiне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндiк бiлiм стандарттарымен жете танысу, бiлiмдi деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға бiлiмдi мемлекеттiк стандарт деңгейiнде игеруге қол жеткiзу, оқыту үрдісін iзгiлендiру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу, өйткенi оқыту-тәрбиенiң негiзi.

Сондықтан оқыту да қоғамдық құбылысқа жатады. Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншiсi-мектепте және жоғары оқу орындарында апта айтқанда экология пәнін оқыту. Екіншi-өмірде оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу, оқыту егiз ұғым.

Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелiк жүйесi, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткiзуге мүмкiндiк беретiн танымдық iс-әрекеттер түрлерiнiң мазмұнымен тiкелей байланысты.

Сондықтан инновациялық әдiс-тәсiлдердi оқыту үрдісiне енгiзу барысы танымдық iс-әрекеттер түрлерiнiң мазмұнын, белгiлi деңгейде белсендiлiгiн көздейдi. Осы екі үрдістiң өзара сапалы нәтижесiнде оқушының өз iсiне сенiмдiлiгiн, жауап кершiлiк сезiмiн, шығармашылық қабiлеттiлiгiн қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негiзгi түрлерi анықталады.

Оқу -тәрбие үрдісiнде қолданып, айтарлықтай нәтиже берiп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар: Лысенкованың алдын ала оқыту, Хазанскиннiң есептер шығару, Палтышевтың физиканы есептеп шығару, Шаталовтың интенсифтi оқыту (тiрек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтiң мәселелiк оқыту оқытудың белсендi әдiсi, т.т.

Ал, соңғы жылдары оқытудың модульдiк технологиясы мен Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсiлi, сондай-ақ профессор Қарайевтiң оқытуды дифференциялау және бiлiм беру демократияландыру мен iзгiлендiру ұстанымдарына негiзделген жаңа педагогикалық компьютерлiк технологиясы елiмiздiң көптеген мектептерiнде қолданылып жүр.

Мәселен, Л. Б. Эльконин, В.В Давыдовтың бiрлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесi» бiр-бiрiмен тығыз байланысты әрi мынадай ұстанымдардан құралады:

1. Жоғарғы деңгейдегi қиындыққа оқыту
2. Теориялық бiлiмнiң жетекшi ролi
3. Оқу материалын жеделдете оқыту
4. Оқу үрдісін оқушының сезiнуi

5. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу
Л.В. Занковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді. Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың зерттеулері оқу әрекеті және оның субъектісін қалыптастыруға бағытталады.

Оның құрылымы мынадай: оқу-танымдық мотивтер, оқу тапсырмалары, оқу амалдары, оқу операциялары.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Жас ұрпаққа білім-тәрбие беретін бала жанының – мұғалімдер қандай болуы керек және олардың еңбегі қалай өлшену керек дегенді ой елегінен өткізіп көрелік.

Біріншіден, мұғалімнің ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуы ләзім.

Екіншіден, мұғалімнің ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын оқушы-шәкірттеріне анық, тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі шарт.

Үшіншіден, мұғалім өз оқушыларына беделді, ұжым арасында сыйлы болуы тиіс. Әрдайым оқушылармен әдептілік қарым-қатынаста болғаны жөн.

Төртіншіден, мұғалім теорияны өмірмен байланыстырып, ғылым мен тәжірибені әрдайым өзі беретін күнделікті сабағына кеңінен пайдалану қажет.

Бесіншіден, мұғалім үнемі өз бетімен оқып, педагогика, әдістеме жаңалықтарымен танысып, өзінің ой-өрісін кеңейтіп, білімін толықтырып отыру керек.

Осы қағидаларды әрбір мұғалім тұрақты ұсынып отырса, мұғалімнің күш –қуаты, көңіл күйі әрдайым жоғары болады да сабақ беру сапасы арта түседі, еңбегі жанады. Ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін еске алсақ, олардың жемісті, әсерлі жұмыс істеуі үшін үкімет тарапынан үнемі оқулықтармен, көрнекті дидактикалық, техникалық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі тиіс.

Тақырыпты бектіу үшін сұрақтар:

1. Сабақ дегеніміз не? Оның басқыштарын атаңыз?
2. Дәстүрлі емес сабақтар үшін қойылатын талаптар нелерден тұрады?
3. Тақырыпты ашып беретін негізгі және қосымша материалдар

мазмұны, көлемін және көрінісін кім белгілейді?

4. “Тыңдаушы (оқушы, студенттер) мен өзара ынтымақтастықты орнатуға мүмкіндік беретін форма және әдістер” дегенде нені түсіндіңіз?

Әдебиеттер тізімі:

1. Баркамол авлод-Ўзбекистон тараққийетининг пойдевори. Президент Ислон Каримовнинг IX сессиясида сўзлаган нутқи. 1997-йил 29-август. Тошкент. Шарқ. 1997. 5-бет.

2. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2008. – 180 б.

3. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Тарбияда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2009. – 160 б.

4. Исабаев А. Қазақ тілін оқыту методикасы. Т.: 2003

5. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту методикасы. А.: 2009.

6. Замонавий дарс. / Масъул муҳаррир Ш. Шомансуров -Т.: А. Авлоний номидаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш марказий институти, 2007. -120 бет.

7. Сыздыкова Р. және басқ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. -А. 2002.

7-тақырып. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда үздіксіздік және бірізділік

Жоспар:

1. Мектеп басқышы. Онда берілген негізгі тақырыптар мен материалдардың берілуі және оқушылардың интеллектуал дамуының мүмкіндіктері.
2. Көмекші әдебиеттермен істеу методикасы.
3. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиет саласындаы кадрларға қойылатын талаптар.

Тірек ұғымдар: білім беру жүйесі, әдебиеттік оқу, МБС, білім, ептілік, дағды, компетенция.

Мемлекетіміз егемендікке қол жеткізуі, базар экономикасына өту, дүние қауымдастығына қосылуы және ғылым-техниканың жылдам дамуы оқушылар білім беруде, ұлттық кадрларды даярлауға, білім мазмұнына жаңаша талап қоюды. Себебі, егемендікке дейін оқытылған білім жүйесі жаңа заман талабы және дамыған демократиялық мемлекеттер қатырна қосылуда, ұлттық кадрларымыздың шет ел кадрларымен бәсекеге түсу мүмкіндігін қамтамасыз ете алмады.

Стандарт - ағылшын сөзі - **үлгі, эталон, модель** деген мағынаны береді.

Білім берудің мемлекеттік стандарты түсінігі Өзбекстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін енгізілді. Білім берудің мемлекеттік стандарты Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (1997 ж.) және «Кадрлар даярлаудың ұлттық программасына», сондай-ақ басқа да мемлекеттің білім беру туралы норматив құжаттарына негізделіп жасалынған. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты оқушылардың жалпы білімділік дайындығына, деңгейіне қойылатын міндетті минимал дәрежені белгілеп береді.

Әлем стандарты талаптарына сай мемлекеттік білім беру стандартын жасау кешіктіріліп болмайтын міндет етіп қойылды. Нәтижеде мемлекеттік білім стандарты жобасы істеп шығылды (кейінгі кезекте МБС деп жүрітіледі) және ол 1996-1998-жылдары республикамыздың бірнеше мектептерінде тәжірибе-сынақтан өткізілді.

Осындан кейін, Өзбекстан Республикасы Минстрлер Кабинетінің «Жалпы орта білім беретін мемлекеттік білім стандартын бекіту туралы» Қаулысы (1999) қабылданды.

Жалпы орта білім беретін МБС кітап формасында бастырылып, республика аймақтарына таратылды. 1999-2000 оқу жылынан бастап республикамыз мектептерінде МБС жаппай амалға асырыла бастады.

Өзбекстан Республикасы білімдендіру туралы Уставында «МБС жалпы орта, орта арнаулы кәсіптік-өнер және жоғары оқу орындары білім мазмұны және сапасына қойылатын негізгі талаптарды белгілейді» - деп көрсетілген. Сонымен бірге, МБС оқу жоспарын, оқу бағдарламасын жасау, оқулық және

оқу қолданбаларды жазуға қойылатын талаптарды да белгілеп береді. Сондай-ақ оқытудың түрлерін, құралдарын, әдістерін, технологияларын анықтау және оларды қолдануда бірден-бір негізгі мемлекеттік құжат болып қызмет етеді. МБС республикамыздың барлық аймақтарындағы мемлекеттік және мемлекеттік болмаған оқу орындары үшін басшылық жасайды және оны іс жүзінде қолдану мәжбүр есептеледі.

МБС бастауыш білім, орта мектеп және орта арнаулы кәсіптік-өнер колледж оқушыларының әрбір сыныпты бітірген соң пәндер бойынша меңгеруі қажет болған білім, ептілік және дағдылардың минимал дәрежесі және оларды меңгеру шарт екендігі көрсетілген.

Білім беру мазмұны туралы түсінік

Білім мазмұнын анықтау — бұл неге үйрету, нені оқыту мақсатын анықтап алу деген сөз.

Білім мазмұны — білімнің ғылымилығы, іскерліктің және дағдының жүйесі. Сондықтан білімнің мазмұны — оқыту процесі компоненттерінің бірі болады. Сол жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамып, дүниеге көзқарасы, мінезі қалыптасады.

Білім берудің мазмұны, ең алдымен, қоғамның мектеп алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Сондай-ақ, дидактикалық талаптар да ескеріледі, себебі соның негізінде ғана қай жаста, қандай көлемде, қандай пәндерді оқуға болатындығы дұрыс шешіледі.

Білім берудің мазмұны деп белгілі бір оқу орнындағы үйренілетін білімдер мен іскерліктердің жүйесіне айтылады.

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңінде білім беру мазмұны да әртүрлі болды. Қазіргі заманда біздің елімізде **жалпы білім берудің мазмұны** деп оқушылардың ақыл-ойын, күш-қуаттарын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке дайындауға қажетті негіз болатын **білімдер, іскерліктер** және **дағдылардың** көлемі мен бағытын айтамыз.

Қазіргі дәуірде білім беру мазмұны анықтамасының басты идеялары.

Қазіргі дәуірде біздің республикамызда білім берудің мазмұнын анықтау үшін мына идеяларға сүйенді: гуманизациялау, дифференциялау, интеграциялау, жаңа ақпарат технологияларын кеңінен пайдалану.

Білім берудің мазмұнын гуманизациялау дегеніміз мектептің балаға бет бұруы, яғни баланың жеке басын құрметтеу, олардың қызығушылықтарын ескеру, қабілеттерін ашу және дамыту үшін жағдай жасау т.б. жатады. Сонымен бірге оқушылардың оқу сағатын қысқарту да оларды артықша жұмыс істеуден сақтайды. Гуманизация гуманитарлық және табиғи-математикалық пәндердің үйлесімді ара қатысын, сондай-ақ математикалық, биологиялық, техникалық пәндерді «адам туралы» білімдермен толықтыруды қарастырады. Мұның нәтижесінде оқушы әлемнің ғылыми бейнесін танып білуі, адамның қоғаммен, техникамен өзара байланысын түсінуі керек. Білім берудің мазмұнындағы гуманистік бағыттылық ойлаудың гуманистік типін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Білім беруді гуманизациялауда ең бас-

ты ролді тіл мен әдебиеттік білімдер, рухани-адамгершілік тәрбие, адамтану пәндері атқарады. Себебі бұл пәндер арқылы оқушылар өзін және әлемді танып біледі, өзін-өзі ұйымдастыру және өзінің мінез-құлқын басқару дағдыларын игереді.

Білім берудің мазмұнын дифференциялау — жаңа оқу жоспарын құрудағы екінші жетекші идея. Бұл идея жоғары кластардағы тереңдетілген және кәсіптік оқытуда міндетті болған пәндермен бірге оқушылардың таңдауына сай қосымша пәндерді енгізуді қарастырады.

Дифференциялау — бұл қазіргі заманда білім беруді дамытудың жалпы тенденциясы. Біздің республикамызда білім беруді дифференциялау мақсатында пәндерді тереңдетіп оқытатын кластар, мектептер ашылуда.

Білім берудің мазмұнын жаңадан істеп шығуда пәндерді **интеграциялау** идеясы аса маңызды болып табылады. Бұл идея бір-біріне жақын болған пәндерді қосып, интегратив пәндерді жаратуды мақсат етеді. Интегратив пәндер оқушыларға әлемнің тұтас бейнесін беруде үлкен роль ойнайды. Әрі өтілетін сабақтар саны қысқарады.

Мысалы, «Адам және қоғам» мен «Мемлекеттік құқық негіздері» интеграцияланып «Мемлекет және құқық негіздері» деген пәнге айналды.

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Әдебиетті оқытуды әдебиет пәннің бағдарламасы қандай рол атқарады?
2. Әдебиет пәннің бағдарламасының құрлымы және мазмұны қандай белгіленеді?
3. Әдебиет пәні бағдарламасына және оқулықтарына қандай талаптар қойылады?
4. Мектеп басқшысында әдебиетті оқыту тарихында қандай бағдарламалар жасалған?

Әдебиеттер тізімі:

1. Баркамол авлод-Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. Президент Ислон Каримовнинг IX сессиясида сўзлаган нутқи. 1997-йил 29-август. Тошкент. Шарқ. 1997. 5-бет.

2. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармасы, 2008. – 180 б.

3. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Тарбияда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармасы, 2009. – 160 б.

4. Исабаев А. Қазақ тілін оқыту методикасы. Т.: 2003

5. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту методикасы. А.: 2009.

6. Замонавий дарс. / Масъул муҳаррир Ш. Шомансуров -Т.: А. Авлоний номидаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш марказий институти, 2007. -120 бет.

7. Сыздыкова Р. және басқ. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. -А. 2002.

8-тақырып. Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысының педагогикалық қызметін жобалау Жоспар:

1. Жобалау технологиясы.
2. Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мазмұнын жобалау технологиясы.

Тірке ұғымдар: жоба, технология, қабілет, роман, мәтін, жоспар.

Білім сапасы мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мұғалімнің шеберлігі қойылған педагогикалық мақсатқа және бағдарламаға сай қажетті мазмұнды таңдап алуға және де тиімді әдістер мен құралдарды пайдалана білуінде.

Мұғалімнің педагогикалық қызметін технологияландыру педагогикалық технологиялардың бөлгілері туралы біліммен, мұғалімнің шеберлігіне қарасты белгілі шарттардың сақталуын талап етеді.

Олар:

- мұғалімнің оқытудың жаңа технологияларына бетбұруы, ынта қоюы;
- қолда бар технологиялық ресурстарға талдау жасауы;
- басты бір мақсатқа немесе мақсаттар жиынтығына бағытталған технологияларды таңдауы;
- жоспарлай алуы, жобалау дағдысының болуы;
- мақсат қоя алу және міндеттерді бөлу қабілеті;
- іс-әрекетін ұйымдастыру және оған талдау жасау мүмкіндігі;
- өз тәжірибесін рефлексия арқылы меңгеру, оны технологиялық түрде көрсету;
- технологияның ескіруін көре білу, оны қайта құру, өңдеу дағдысының болуы.

Оқыту технологияларының қайсысын болмасын пайдалану жеңіл іс емес, ол оқытушыдан білімділікті, іскерлікті, еңбекқорлықты, шығармашылықты, құнттылықты, жаңашылдықты және мол дайындықты қажет етеді.

Жаңа технологияларды енгізу кезінде оқытушының технологиялық құзырлығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін мұғалім білуі керек:

- жаңа технологиялар көмегімен шешілетін мәселелерді;
- жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді;
- жаңа технология мәнін, алынатын нәтижелердің теориялық негізін;
- жаңа технологияда мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдерді;
- оқушылардың жұмыс әдісін;
- оқушыларды жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін, мұғалім істей алуы керек;
- қандай да бір технология үшін оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыруды;
- күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды;
- әр сабақта сауатты жоспарлауды;

- оқу моделін құрастыруды;
 - оқушылардың өзіндік жұмыстары үшін таратпалы материалдарды дайындауды;
 - оқушыларға арналған өзіндік тапсырмаларды құрастыруды;
 - оқушылар үшін деңгейлік тапсырмалар жасау;
 - тестілік бақылау тапсырмаларын дайындау;
 - компьютерлік бақылау үшін тапсырмалар дайындау;
- Мұғалім дұрыс ұйымдастыруы қажет:
- жаңа технологияда пайдаланатын жәкелеген әдістер мен тәсілдерді қолдануды;
 - түрлі типтегі сабақтарды өткізуді;
 - өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктердің себептерін анықтауды;
 - жаңа технологияда қолданылатын оқу әрекеттерінің әдістерін оқушыларға үйретуді;
 - педагогикалық диагностиканың қарапайым әдістерін қолдана отырып, жаңа технологияны пайдалану тиімділігін бағалауды.

Педагогикалық қызметті осылайша ұйымдастыру - жаңаша оқытуға жеткізетін жол.

Оқу үрдісін "технологиялауда" оқыту субъектілерінің, яғни мұғалім мен оқушылардың дайындығының психологиялық аспектілері де маңызды рөл атқарады.

С.И.Годник зерттеулері көрсеткендей, жеке тұлға жаңа жағдайларға бейімделуде, жеке және кәсіби сапаларды жүзеге асыруда, әрекеттің жаңа тәсілдеріне ие болуға байланысты қиындықтарды сезінуі мүмкін.

Жаңалықты меңгеруге бүкіл ұжым құлшыныспен кіріседі деп үміттенуге болмайды, мұғалімдердің бұған деген іс-әрекеттерінде үлкен айырмашылық болады.

Социологтардың мәліметтері бойынша педагогтердің тең жартысы инновациялық әрекетке бірден еруге дайын, ал қалған жартысы сенімсіздік, ұстамдылық, тіпті кей жағдайда өшпенділік те білдіруі мүмкін.

Мұғалімдердің педагогикалық технологияларды енгізуге байланысты кейбір психологиялық қарсылықтары түсінікті.

Олар үйреншікті іс-әрекетті өзгертуге деген қалауларының болмауымен, жаңалықты игере алмаймын деген қорқыныштың болуымен, іс-әрекеттің жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеру қиыншылықтарымен, өзінің күші мен мүмкіндіктеріне сенімсіздігімен, т.б. шартталған.

Бұл мәселені шешуде мектепте кәсіби педагогикалық іс-әрекетті "технологиялауды" мотивациялау мен ынталандыру жүйесінің (материалдық және моральдық ынталандыру шаралары) жасалуы, жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал туғызатын арнайы ортаны құру және педагогикалық технологияларды жобалау мен ендіру үрдісіне білікті басқаруда көмектесуі мүмкін.

Оқу орнында технологияны ендіруге жағдай жасайтын ұйымдастыру жағдайлары туралы айтқанда жағымды ахуал, материалдық және техникалық

құралдар, технологиялау процесіне әдістемелік қолдау, талап және мұғалімдер іс-әрекетін бағалау, мұғалімдердің кәсіби әрекетін технологиялау туралы білімдерін тереңдету мақсатында біліктілігін көтеруге мүмкіндік беру (қайта даярлау курстары, түрлі ақпараттық ресурстарды пайдалануға қол жеткізу) сөз болады, яғни оқу орны әкімшілігін педагогикалық ұжым мен мұғалім жұмысына жаңа педагогикалық технологияларды ендіру мәселесі бойынша жұмыс жасауға үйретіп, ол жұмыстарды мына жеке бағыттарда ұйымдастыруға болады:

- өз тәжірибесінде жұмыстың инновациялық түрлерін қолданып жүрген тәжірибелі мұғалімдермен жұмыс.

Олардың мақсаты - өз жұмысына қандай да бір технологияны кезеңмен ендіріп, нәтижесін ұжым талқысына шығарып, сол арқылы әріптестерінде жаңашылдық үрдісіне ену, олардың іс-әрекетін қайталау тілектерін туғызу:

- әрқайсысына тәжірибелі тәлімгерлер бекітілген жас мамандармен жұмыс:

Туындаған сұрақтарына жауап беріп, сабақтарына қатысып, әдістемелік көмек, ақыл-кеңес, беретін тәжірибелі әріптеспен бұндай жұмыс әрқашан нәтиже береді;

- өз жұмысына өзгеріс енгізуге тілек білдірмеген мұғалімдермен жұмыс. Олар үшін технологияны тұтас алғанда және әрбір элементін жеке қолданудың тиімділігіне баса назар аударта отырып ашық сабақтар өткізу.

Жоспардың түрліше болуы оқушылардың еркі және шығармашылық пікірлілуіне өз септігін тигізеді.

Атап өтсек, педагогикалық практика барысында, Ташкен қаласындағы 290-мектепте 7-сынып оқушылары тарапынан С.Торайғоров «Бір адамға» өлеңі бойынша мығадай жоспар жасалған:

1. Өлеңнің басталуы.
2. Өлеңде суреттелген заман мәселесі.
3. Өлеңнің көркемдік амал-тәсіл құралдары туралы.
4. Өлеңнің тәрбиелік мәні.

Бұл өлеңді сұрақтар негізінде түзілген жоспар төмендегіше болады:

1. Өлең қалай басталады? Не үшін жазушы оны осылай бастаған деп ойлайсыз?

2. Алғашқы төрт тармақта «Біздерде мынадай бар, мынадай бар» сөздерінің қайталануын қалай түсіндіресіз.

3. Өлеңді қандай көркемдеуіш құралдар қолданылған? Олар қандай міндеттерді атқаруда?

4. Өлең сізге ұнады ма? Қандай әсер етті?

Тақырыпты бекіту үшін сұрақтар:

1. Жобалау технологиясы дегенміз не?
2. Көркем шығарманы талдау қалай амалға асырылады?
3. Мәтін тану дегеніміз не?
4. Мәтінмен жұмыс қалай амалға асырылады? Оның қандай құрамдық бөліктері бар?

Әдебиеттер тізімі:

1. Баркамол авлод-Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. Президент Ислон Каримовнинг IX сессиясида сўзлаган нутқи. 1997-йил 29-август. Тошкент. Шарқ. 1997. 5-бет.
2. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Таълимда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2008. – 180 б.
3. Ишмухамедов Р., Абдуқодиров А., Пардаев А. Тарбияда инновацион технологиялар (таълим муассасалари педагог-ўқитувчилари учун амалий тавсиялар). – Т.: “Истеъдод” жамғармаси, 2009. – 160 б.
4. Исабаев А. Қозоқ тилини ўқитиш методикаси. Т.: 2003
5. Жўмажанова Т. Адабиётни ўқитиш методикаси. А.: 2009.
6. амонавий дарс. / Масъул муҳаррир Ш. Шомансуров -Т.: А. Авлоний номидаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва малакасини ошириш марказий институти, 2007. -120 бет.
7. Сыздыкова Р. ва бошқ. Бадиий матннинг лингвистик таҳлили. -А. 2002.

Практикалық жаттығулар мазмұны

1-жаттығу. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері.

(4 сағат)

1. Қазақ тілі сабақтарында көркем материалдардан пайдаланудың форма және әдістері туралы айтып берің (фонетика, лексика және синтаксис салалары бойынша).

2. Көркем образ маңызы, оны оқушыларға үйретудің жолдары мен әдістерін айтып берің (XX ғасыр басындағы немесе бүгінгі таңдағы әдеби шығармалар бойынша).

4. Оқушыларға «Әдебиеттану терминдер сөздігі», «Орфографиялық сөздік» сияқты оқулықтар және қажетті ғылыми әдебиеттерден пайдалану жолдары қандай амалға асырылады? Сұраққа жазбаша жауап жазың?

2-тақырып. Қазақ тілін коммуникативтік негізде және компетенциялық тұрғыдан жандасу негізінде оқытуды ұйымдастыру. Тірек және жеке компетенциялар, оларды қалыптастыру және дамыту. (4 сағат)

Тілді коммуникативтік негізде оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес оқытудың жетістіктері. Ынтымақтастық әдісі оқу субъекттерін белсенділігін арттырудың маңызды факторы екендігі.

Қазақ тілін оқытуда компетенциялық тұрғыдан жандасу негізінде ұйымдастыру. Тірек және жеке компетенциялар. Лингвистикалық білімдер, ептілік және дағдылар негізінде студенттердің сөйлеу компетенцияларын дамыту.

3-жаттығу. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда үздіксіздік және бірізділік. (4 сағат)

1. Педагогикалық қызметке теориялық және кәсіптік дайындығын қамтамасыз ету және жаңалау.

2. Кәсіптік компетенттілікті дамыту арқылы тәлім-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру және басқару бойынша білім, ептілік және дағдыларды қалаптыстыруға қаратылған педагогикалық ұсыныстар істеп шығу.

5. Педагогтың жеке және кәсіптік компетенттілігі туралы лекция мәтін дайындау.

4-тақырып. Жоғары оқу орнындағы қазақ тілі мен әдебиеті оқытушылары және жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлардың қазақ тілінен компетенттілік дәрежесіне қойылатын талаптар, оқу пәні мазмұнын жетілдіру және жобалау. (4 сағат)

Жоғары оқу орындарының бакалавриат басқышы филология бағыты студенттерінің қазақ тілін оқытуда студенттер меңгеруі қажет болған тілдік,

лингвокультурологиялық және прагматикалық компетенциялар. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті оқытушыларының компетенттілік дәрежесіне қойылатын талаптар негізінде қазақ тілі пәні мазмұнын жобалау.

5-жаттығу. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда проблемалы оқыту түрәнен пайдалану (4 сағат)

1. Қазақ тілі сабақтарында проблемалы оқыту түріннен пайдалана отырып бір сағаттық сабақ жоспарын жасау (морфология саласы бойынша).
2. Әдебиет сабақтарында проблемалы оқытудың орны қалай?
3. Кқркем шығарманы талдау барысында проблемалы оқыту түрінен пайдалану жолдарын істеп шығу.

6-жаттығу. Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысының педагогикалы қызметін жобалау. Жобалау технологиясы. (4 сағат)

1. Әдебиет сабақтарында белгілі бір тақырыптың жобалау технологиясын істеп шығу.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті оқу пәндерінің мазмұнын жобалау.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысының педагогикалық қызметін жобалау.

ГЛОССАРИЙ

Оқу – көздеген мақсатты іске асыруға бағытталған мұғалім мен оқушы арасындағы жүйелі іс-әрекеттік байланыс, олардың бірлікте екі тарапты оқыту – оқып үйрену қызметі. Оқу мазмұнын игеруге бағытталған мұғалім мен оқушы арасындағы педагогикалық процесс. Оқу барысында бала дамиды. Оқу келесі элементтерді өз ішіне алады: 1) мақсат, 2) мазмұн, 3) әдістер, 4) ұйымдастыру формалары, 5) нәтиже.

Оқыту – оқу мақсатын іске асыру бойынша педагогтың реттестірілген қызметі, ақпарат жеткізу, тәрбиелеу, игерілген білімді түсініп, қолдана білуге үйрету істерін қамтамасыз ету.

Педагогикалық процесс – білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге бағытталған, арнайы ұйымдастырылған мұғалім мен тәрбиеленуші арасындағы өзара ықпалды қызметті аңғартады.

Білімдену – оқу барысында игерілген білім, іскерлік, дағдылар мен ойлау тәсілдерінің жүйесі.

Білім – пәннің теориялық меңгергенін білдіретін идеялар жинтығы немесе қоршаған дүниенің бала санасында түсініктер пайда ету және соларды нақты бейнелер кейпінде өрнектелуі.

Іскерлік – игерілген білімдерді тәжірибеде қолдану тәсілдерін иелеу.

Дағдылар – аса жоғары дәрежеге жетіліп, автоматтық күйге түскен ептіліктер.

Мақсат – оқу барысында қол жететін мұрат, барша күш-қуат бағытталған болашақ.

Мазмұн – оқу процесінде шәкірт игеруі қажет болған ғылыми білімдер, іскерліктер мен дағдылар, іс-әрекет және ойлау тәсілдерінің бір тұтас жүйесі.

Әдіс – оқу мақсаттары мен міндеттерінің орындалу жолы.

Ұйымдастыру – дидактикалық процесті белгілі заңдылықтарға орай ретке келтіру, көзделген мақсатты тиімді іске асыру үшін бұл процесті қажет болған қалыпқа түсіру.

Форма – оқу процесінің жасау жолы, оның ішкі мәні мен мазмұның сыртқы көрінісі. Оқу формасы ең алдымен сыныптағы оқушылардың санымен, оқу уақыты және оқу орнымен, оның іске асырылу тәртібімен т.б. байланысты.

Құрал-жабдықтар – оқу процесін заттық және материалдық қолдауы. Оқу процесінде құрал ретінде педагогтың дауысы (сөзі), оның шеберлігі, оқулықтар, сынып жабдықтары және т.б. жатады.

Нәтиже – оқу барысында көзделген мақсаттың іске асыру дәрежесінен туындайтын соңғы өнім.